ШЕШІМ
Қазақстан Республикасының атынан

2024 жылғы 15 тамыз № 5501-24-00-2/2272 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С.Тюлембекова, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы білім беру басқармасының «Шарбақты аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Сункар Group KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Павлодар облысы білім беру басқармасының «Шарбақты аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Сункар Group KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Сункар Group KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Сункар Group KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Тюлембекова**

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 15.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.09.2024, судья Тюлембекова А. С., 24.09.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство